

МАҚАЛАЛАРДЫ РӘСІМДЕУ ЕРЕЖЕСІ

Қарауға теориялық, шолу, эксперименталды-зерттеу жұмыстары, сондай-ақ басқа басылымда жарияланбаған немесе жариялануға арналған клиникалық материалдар қабылданады; ғылыми стильмен жазылған, журналдың ғылыми, тақырыптық бағыттарына сәйкес келетін және осы тақырып бойынша қазіргі отандық және шетелдік зерттеулердің контекстіне жазылған түпнұсқалық авторлық зерттеудің нәтижелері ұсынылады. Материалдар төмендегілердің негізінде қабылданады:

- жұмыс орындалған ұйым басшысынан журналдың бас редакторының атына ілеспе хат;

- ғылыми мақаланы жариялау үшін тәуелсіз ғалымдардан және/немесе мамандардан мақала тақырыбы бойынша басылымға мақала ұсынымы бар рецензия ұсыну қажет. Авторлар мен рецензенттер әр түрлі ұйымдардың қызметкерлері болуы тиіс. Рецензияларда лауазымы, жұмыс орны, рецензенттің қолы, ұйымның мөрі көрсетілуі тиіс.

Жұмыс келесі критерийлерге сәйкес келуі тиіс:

1) жұмыстың өзектілігі және журналдың басым ғылыми бағыттарына сәйкестігі (мақалада сипатталған идеялардың, әдістердің, технологиялардың маңыздылығы, қолданылуы);

2) ғылыми, жаңашылдық (идеяның бірегейлігі, зерттеудің қойылған міндеттерін шешу);

3) зерттеудің негізгі нәтижелерінің практикалық маңыздылығы (нәтижелерді баяндау, теориялық және практикалық маңыздылығы, қорытындылар, ғылыми-практикалық маңызы);

4) құрылымдылығы (логикалық, дәйектілік, мазмұндаманың байланыстылығы);

5) тұжырымның нақтылығы (коммуникативтік құндылық, ғылыми стильге, тілдік және стилистикалық нормаларға сәйкестігі);

6) рәсімдеу сапасы: редакция талаптарына сәйкестігі, терминологиялық лексиканы, негізгі сөздерді пайдалану, аннотацияның үш (қазақ, орыс, ағылшын) тілде болуы, пайдаланылған әдебиеттер тізімі;

7) Қазақстан Республикасының, оның ішінде зияткерлік меншікті қорғау мәселелері жөніндегі заңнамасын сақтау.

Жариялауға арналған материалдар келесі ережелерге қатаң сәйкестікте орындалуы тиіс:

1. Ғылыми мақалалардың құрылымы журналда қабылданған тақырыптарға сәйкес келуі тиіс: кіріспе, материалдар мен әдістер, нәтижелер

мен талқылау, қорытынды, әдебиет. Барлық бөлімдер үшін мақаланың соңында орыс, қазақ, ағылшын тілдерінде қысқаша аннотация (түйіндеме) беріледі.

2. Мақала мәтіні 1 данада, бір (1,0) интервал арқылы басылған, А4 форматындағы стандартты парақта, жоғарғы, төменнен 2,0 және оң, сол жақтан 3,0 см-ге дейін, 14 Times New Roman шрифтімен терілген болуы керек. Мақаланың түпнұсқасымен бірге бірінші автордың аты-жөні көрсетілген жеке файл түрінде электрондық нұсқаны ұсыну қажет (ескерту: Қасымов А.А. шолу.doc).

3. Ғылыми мақалалардың көлемі 16 беттен аспауы тиіс, соның ішінде пайдаланылған әдебиеттер тізімі (библиография), түйіндеме.

4. Мақаланың атауы автордың аты-жөнінен (инициалдары фамилиясының алдында) кейін бас әріптермен, сондай-ақ жұмыс орындалған мекеменің атауы (мәтіннен кейін), қаланы көрсете отырып, кіші әріптермен ресімделеді. Мақала соңында жеке парақта авторлардың аты-жөні (толық), ғылыми дәрежесі мен атағы, лауазымы, қаласы және оқу орны, байланыс телефондары (жұмыс және ұялы), факс, e-mail көрсетіледі.

5. Мақала автормен мұқият тексерілуі керек. Авторларға түзету жіберілмейді, салыстыру авторлық түпнұсқа бойынша, электрондық тасығышта (вирустарсыз), 1,0 интервал, MS Word 6.0 2003 for Windows форматында жүргізіледі.

6. Фотосуреттер, диаграммалар, суреттер сканерленеді және мақала барысында мәтінге енгізіледі. Кестелер А4 парағының үштен бір бөлігінен аспауы тиіс. Кестелердегі шрифт 10. Кестелер біреуден артық болса, атауы және нөмірленуі тиіс.

7. Жалпы қабылданғандардан басқа сөздерді, есімдерді, атауларды қысқартуға жол берілмейді. Өлшем бірліктері СИ жүйесінде беріледі. Аббревиатуралар мәтінде бірінші аталғаннан кейін түсіндіріледі және өзгеріссіз қалады.

8. Суреттер-300 dpi рұқсаты бар Tiff форматында; графиктер-Microsoft Excel форматында; фотосурет, слайдтар, диагностикалық аппаратурадан тікелей қағазға түсірілген суреттер А4 (210x297 мм) артық емес форматта. Қол қоюда барлық қисықтар, әріптер, сандар және басқа шартты белгілердің түсініктемесі келтіріледі.

9. Әдебиеттер тізімі мақала барысында сілтемелердің пайда болу тәртібімен, мәтінде қолданылуына қарай құрастырылады. Мақалада әдеби дереккөздің нөміріне сілтеме төртбұрышты жақшаға жазылады. Осы әдебиеттер тізімінде келтірілген әдебиеттердің дұрыстығына авторлар жауап береді. Журналдардан мақалаларды сипаттау кезінде авторлардың аты-жөні, мақаланың атауы және журналдың атауы, жылы, том, беттің нөмірі көрсетіледі. Жинақтардағы мақалаларды сипаттау кезінде авторлардың аты-жөні, мақаланың атауы, жинақтың атауы, шығарылған орны мен жылы, беттердің саны көрсетіледі. Монографияны сипаттау кезінде авторлардың аты-жөні, монографияның атауы, басылым орны, баспаның атауы, шығарылған жылы, беттер саны көрсетіледі. Монографияның тарауын

сипаттау кезінде тарау авторларының аты-жөні, тараудың атауы, монография авторларының аты-жөні, монографияның атауы, басылым орны мен жылы, беттер саны көрсетіледі.

10. Редколлегия мақаланы ғылыми және әдеби редакциялау құқығын өзіне қалдырады. Ғылыми мақалаларды жариялау туралы шешім редколлегия құрамына кірмейтін тәуелсіз сарапшылардың оң ұсыныстары негізінде қабылданады.

11. Редакцияға басқа басылымдарға жіберілген немесе бұрын жарияланған мақалаларды ұсынуға жол берілмейді.

12. Журналға мақаланы жариялау редколлегия автормен жазылған ережелерді бөлісетінін куәландырмайды. Қажет болған жағдайда редколлегия түсініктеме түрінде мәселеге өз көзқарасын білдіру құқығын өзіне қалдырады.

13. Ғылыми жарияланымдарда авторлық құқықтар қатаң сақталуы тиіс. Рәсімделуі талаптарға сәйкес келмейтін мақалалар жариялануға қабылданбайды. Мақалалар vestnik_2002@maul.ru электронды мекен-жайына қабылданады.